



## Үй жанындағы жер учаскелеріне салық мөлшерлемелерін төмендету туралы

Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 қарашадағы № 25/106-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 қарашада № 6626-13 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 531-бабының 3-тармағына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан қаласы бойынша 1000 шаршы метрден асатын үй жанындағы жер учаскелеріне салық мөлшерлемелері 1 шаршы метр үшін 6,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*Г. Сарсенбаев*